

## ХАТТАМАСЫ

28.09.2020 жыл

Өтетін орны: Мәдениет үйі Ақтау  
ауылы

Қатысқан адамдар саны- 42

Ақтау ауылдық округ әкімі- А.Отарбаев

Әкім аппаратының мамандары

Ашық дауысқа салу тәртібімен жиналыс төрағасы болып Асанов Дүйсенбай хатшысы Арунов Мақсат болып сайланды.

### Күн тәртібінде :

#### 2021-2023 жылдарға арналған бюджетті жоспарлау туралы

#### Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша ауыл әкімі А. Отарбаев баяндама жасады . Ол өз баяндамасында округ биылдан бастап «Жергілікті өзін-өзі басқару» заңына сәйкес төртінші деңгейлі дербес бюджетке көшкен болатын. Дербес бюджетке салықтың 3 түрі түсетінін айтты. Бұл түскен қаржы ауылды абаттандыруға , көркейтуге жұмсалатындығын айтып өтті. Ақтау округі бойынша 2021жылға салықтық түсімдер 1826,0 мың теңге көлемінде есептелген, ал шығыс жағынан болжамы 38062,0 мың теңгені құрайды. Оның ішінде аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімі аппаратының борышын өтеу үшін 272,0 мың теңге бөлінді.

Оларды атап өтсек:

1. Басқару аппаратын ұстауға – 27097,0 мың.т
2. Елді мекендерді жарықтандыруға -500,0 мың.т
3. Аудандық маңызы бар автокөлік жолдарын және кентішілік жолдарының жұмыс жасауын қамтамасыз етуіне – 6000,0 мың.т.
4. Елді мекендерді абаттандыру және көгалдандыру -3128,0 мың.т.
5. Өңірлерді дамытуға ( жарық шамдар бағандарын орнату) -1065,0 мың.т

Жиналыс төрағасы: Баяндама оқылып болды. Қандай пікір, ұсыныстарыңыз бар, ортаға салыңыздар.

Қ.Әлібеков . Баяндамада оқылғандай ауыл бойынша салық түрлерінен түсетін қаржы көңілді қуантпайды, сондықтан аталған жұмыстарға қаржы бөлінсе дұрыс болар еді. А.Омаров. талқылануға ұсынылып отырған мәселелер өте маңызды, сондықтан мен атқарылған жұмыстарды қолдаймын және бір ауыздан қабылдау керек деп ұсыныс айтты.

#### Шешімі:

1. Ақтау ауылдық округінің 2021-2023 жылдарға арналған бюджеті бекітілсін.

Жиналыс төрағасы:

Д.Асанов

хатшысы:

М. Арунов